

«Сарыкөл ауылының негізгі орта мектебі» КММ

Тәрбие жұмысы бойынша 2023-2024 оқу жылының жылдық есебі.

2023-2024 оқу жылы

Тәрбие жұмысы бойынша 2023-2024 оқу жылының анықтамасы.

«Сарыкөл ауылының негізгі орта мектебі» КММ тәрбие жұмысы бойынша 2023-2024 оқу жылының I тоқсан есебі
«Біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірі мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

колдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б.

шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

ҚЫРКҮЙЕК-БІЛІМ АЙЫ

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында мектепке оқушылардың тәрбиелік деңгейін көтеру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салауатты өмір салтын насихаттау және қоғамға бейімделген адал ұрпақ тәрбиелеу мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанд Білім күніне орай «Менің балабақшам», «Мектеп мейірім мекені», «Әділетті Қазақстан: Сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыптарында шағын орталықпен және мектепалды даярлық сынып тәрбиешілерімен және топпен таныстыру және салтанатты жиын сынып сағаттары өтті. Сонымен қатар «(Еңбегі дал жас өрен жобасы) аясында «Сәлем, жаға оқу жылы.». Қазақстан халқының тілдер күніне арналған іс шаралар, «Қазақ иілі кні», «Тілдер мерекесі» іс шарасы өтті. «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» Қазақстан халқының тілдер күніне іс-шаралар өтті. «Жеткіншектің жетіжарғысы» аясында «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбынды тәрбие сағаты өткізілді. «Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы аясында «Мектеп мейірбандық мекені» тақырыбында 1-9 сыныптар арасында сынып сағаты өтті. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Ізгілікке қалам тартқан....жас ғұмыр» атты 1-9 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. «Еңбегі адал жас өрен», «Таза аула» жобалары (сенбіліктер және қоғамдық жұмыстарда ерекше белсенді болған жас өрендердің еңбегін мадақтау, насихаттау) барысында «Еңбек күні» меркесі 5-9 сыныптар арасында сенбіліктер өткізілді. Отбасы күніне арналған мектепке дейінгі жас буындарда «Әкем – асқар тауым», «Өнегелі әже, тәрбиелі немере» «Шебер ана, еңбекқор бала» тақырыптарында іс-шаралар өтті. Сондай-ақ «Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы аясында 5-9 сыныптар арасында Отбасы күніне сынып сағаттары өтті. «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында «Отбасылық дәстүрлер» атты 1-9 сынып ата-аналарына жиналыс өтті. 1-9 сыныптар арасында «Дене сергіту» челледжі өтті. «Салауатты өмір салтын насихаттау және нашакорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес» «Мектеп спорты апталығы» «Спорт ойындары күні» тақырыптарында 1-9 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің

туғанына 80жыл аясында 5-9 сыныптарда сыныптан тыс іс шара өтті. «Қарияға қол ұшын соз» жобасы аясында «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында 1-9 сыныптарда мерекелік іс шара өтті.

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бір отбасы бір кітап» және «Балаларға базарлық» тақырыптарында мектепке дейінгі жас буындар мен 1-9 сыныптар арасында кітап бұрышы, сынып сағаттары өтті. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ұстаз! Сіздің алдыңызда....» тақырыбында 1-9сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Уақытты басқару жіне өзін өзі ұйымдастыру» 2-9 сыныптарда Дублер күні жіне мерекелік іс шара өтті.»Ұлттық мектеп лигас» жобасы аясында 7-9 сыныптар арасында Өзін өзі басқару ұйымы және белсенді оқушыларын, мектеп Президентін сайлау өткізілді. «Ұрпаққа аманат» жобасы аясында 25-қазан Респбулика күні «Менің елім – Қазақстан» атты мектепке дейінгі жас буындарда әндер байқауы өтті. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Ұлы дала перзентімін» тақырыптарында 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Бес нәрсеге асық бол» тақырыптарында 1-4 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында «Отбасылық дәстүрлер тақырыптарында 5-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті.

Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу

Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту

Ар-Ұят: халқына адал қызмет етеді

<https://www.instagram.com/reel/CwspMHKtRel/?igsh=MWRkeW84NmEwd2NucQ>

<https://www.instagram.com/p/CjpQvX4tGPd/?igsh=MTNienFkc2plcTBsMg>

<https://www.instagram.com/p/Cw5h346NoCh/?igsh=ZGw2NWgzcnd4YXFw>

<https://www.instagram.com/p/Cw7w-9FNz7p/?igsh=cjNrMmpqamNINmd0>

<https://www.instagram.com/p/CxIdNJvN3VM/?igsh=MWdwOGw5d2tiYnE4bg>

<https://www.instagram.com/p/CxLC4N9NRFl/?igsh=OWpoajQzNXpuY3h5>

<https://www.instagram.com/p/CxM-joat0IH/?igsh=MW50cnA4MDU3NW12cQ>

<https://www.instagram.com/p/CxdEMW9IhnV/?igsh=dGxzazVidm5qMXF1>

https://www.instagram.com/p/CxdZs1_taLA/?igsh=NWhoOW15aG5qdXp2

<https://www.instagram.com/p/CxviNRzNZkZ/?igsh=MW1nMWJzejU5eGtuMw>

<https://www.instagram.com/p/Cx3R0vqN51c/?igsh=eDM5MTcwNHN3ZjVu>

<https://www.instagram.com/p/CxvcuD4N8Nw/?igsh=MXh5MWhyOGZmbWlsNA>

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Әкеге ізет, анаға құрмет» және «Ұлы дала перзентімін» тақырыптарында 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында «Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған 1-9 сыныптарда сынып сағаттары және ата аналар жиналысы өтті. «Тероризмге қарсы қауіпсіздік» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларынан сауалнама жүргізіліп алынды. 1-9 сыныптарда «Жас сарбаз» қозғалысының тәрбиеленушілер арасында әскери патриоттық тәрбие сағаттары өтті. «Жол жүру ережелерін еске түсіреміз» «Жас сарбаз» тақырыптарында 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті.

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Тарих пен тіл тамырлас» тақырыбында 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Балалар кәтапханасы» жобасы аясында «Үнемі оқитын адам табысты адам» тақырыбында 4-9 сыныптарда ата аналар жиналысы өтті. «Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы аясында 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «мен еріктімін» тақырыбында 5-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «таным. Тағылым. Тәрбие» тақырыптарында 5-9 сынып ата аналарына жиналыс өтті.

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.

Талап: салауатты өмір салтын ұстану, физикалық белсенді болу.

Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану.

<https://www.instagram.com/p/Cz6aqq3toS0/?igsh=OGZyY2o5NnJ3cWU4>

<https://www.instagram.com/p/C2ZNFZHNMJq/?igsh=YnJ3cXJwazhrcjkx>

<https://www.instagram.com/reel/CzvXQfZNIV7/?igsh=NGs3eHVrNWFpdjR0>

https://www.instagram.com/p/Cz2_SzTtOB5/?igsh=MW4yNHE4YWltMWNzbA==

<https://www.instagram.com/p/CzvIZEUNw--/?igsh=Zm12d3gzNW10dHBh>

<https://www.instagram.com/p/Czql2LUN68O/?igsh=MmIwemxseHYyMHhh>

<https://www.instagram.com/p/CzYvRSwtF-7/?igsh=aDJwMnV2dXZucWhs>

<https://www.instagram.com/p/CyvppNitzpR/?igsh=M254eHd0OTk5cnAw>

<https://www.instagram.com/p/CzWbwIAN4sc/?igsh=MTYzYnhqaTF1dnZubA==>

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

«Мен оқыған мбір ертегі мектеп ке дейінгі жас буындарға сюжеттік рөлдік ойындар өтті. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен оқыған бір ертегі тақырыбында 1-4 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында Туған өлке ақындарының шығармалары тақырыбында 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Оқуға құштар мектеп» жобасы «Парасаттылық туралы» тақырыбында 5-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «ПРОФИ

TIME» мамандықтар әлемінде 9-сыныпта сығыптан тыс іс шара өтті. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Қалдық заттарды табысқа айналдырайық» тақырыбында 1-4 сыныптарда сығыптан тыс іс шара өтті.

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Мақал сөздің азағы, жұмбақ ойдың қазығы» тақырыбында мектепке дейінгі жас буындарда және 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Тарихқа тағзым» тақырыбында 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Сен жіне Заң» тақырыбында 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Мектептегі мінез құлық ережелері» тақырыбында 1-9 сыныптарда сыныптан тыс іс шара өтті. «Ата аналар мектебі» жобасы аясында «Сабырлық асыл қасиет» тақырыбында 1-9 сыныптарда сыныптан тыс іс шара жіне ата аналармен дөңгелек үстел өтті. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Өзінді мамандықтар әлемінде тап» тақырыбында 1-9 сыныптарда сыныптан тыс іс шара өтті.

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

Балалардың отбасылық құндылықтарға баулу Халықаралық әйелдер күніне арналған «Анам, «жем және мен» тақырыбында мектепке дейінгі жас буындарға ертеңгілік өтті.

«Ата аналар мектебі» жобасы аясында «Ана өмірдіг шуағы», «Бәрі де, Ана бір өзіннен басталады» тақырыптарында 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Табысты тұлға» тақырыбында 9- сыныпта сынып сағаты жәнеде «Үміт сәлесі» тақырыбында 5-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Таным. Тағылым. Тәрбие» тақырыбында 5-88 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Зиянды әдеттерден аулақ бол» жобасы аясында «Болашаққа зиян келтірер әдеттерден аулақ бол» тақырыпта 5-9 сыныптарда акция өтті. «Ата аналар мектебі» жобасы аясында «Атадан өсиет, анадан қасиет» тақырыбында 1-4 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Төрт тоқсан төрт өнер» жобасы аясында «Ұлттық қолөнер» тақырыбында 1-9 сыныптарда сыныптан тыс іс шара өтті.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы «Адалдық адамдықтың белгісі» тақырыбында 1-9 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. «Қош келдің, әз Наурыз» тақырыбында 1-9 сыныптарда сыныптан тыс іс шара өтті. «Отбасы ұлт айнасы», «Мектеп бала, ата ана» тақырыптарында 1-9 сынып ата аналарына жалпы ата аналар жиналысы өтті.

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.

Талап: салауатты өмір салтын ұстану, физикалық белсенді болу.

Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану.

<https://www.instagram.com/p/C2ZNFZHNMJq/?igsh=YnJ3cXJwazhrcjkx>

<https://www.instagram.com/p/C2jkqE4t-SG/?igsh=eWVKNmx5MzdqOHBy>

<https://www.instagram.com/p/C2uQQjatGon/?igsh=ZW44OWU3amxwaWZw>

<https://www.instagram.com/reel/C21cWHMN1IR/?igsh=dmZkdDgwbHRndDYx>

<https://www.instagram.com/reel/C2-Ji-DITN9/?igsh=Zzg0a2JoY3VyMWc=>

https://www.instagram.com/p/C2_1ajdN9Si/?igsh=MTY0ZmcyYnRzanQ2bA==

https://www.instagram.com/reel/C2_14pdNdZj/?igsh=NjNsZTBrNG5teW5n

<https://www.instagram.com/p/C3AknkEt5yF/?igsh=MW52bmtsMjlmN3IyNw>

<https://www.instagram.com/p/C3XWlm7NT7O/?igsh=MWliNGsxamx5cDVpaw==>

<https://www.instagram.com/reel/C3hAr7FNjOX/?igsh=YXpzcTVpZmEzcTdm>

https://www.instagram.com/reel/C34rh4_Nlzg/?igsh=MWJtYWwyYWI2Y3oyNQ==

<https://www.instagram.com/reel/C36ucdaNDA4/?igsh=YW9qZ2NsYWo5Yjhi>

<https://www.instagram.com/p/C37C5AwtAgI/?igsh=MTJ3dXBpZWm0MzY0eg=>

<https://www.instagram.com/reel/C37Q52ZtP1h/?igsh=c2hmMnFocXR3aGdh>

<https://www.instagram.com/p/C3-PX33NTL0/?igsh=aDcydXRrZ3VnN2Vs>

<https://www.instagram.com/p/C3-WAU-ttNr/?igsh=cGF1MGs1cWhiY3N3>

<https://www.instagram.com/p/C3-Z2Npt9D7/?igsh=eWJtdnFhdWNmd2s2>

<https://www.instagram.com/p/C4LOUA6Ngo4/?igsh=azBuenNxMjZjemRi>

<https://www.instagram.com/p/C4LRBrUtMdq/?igsh=YjB5ZW1maXk2NnJy>

<https://www.instagram.com/p/C4N1w8DtOMn/?igsh=dWVwZ244eG52Ynp0>

<https://www.instagram.com/reel/C4fSa9ZNGni/?igsh=MTdmZWlxcjZwYTZqZg==>

<https://www.instagram.com/reel/C4yfQYstOof/?igsh=OHBrcHIwanp2enFq>

СӘУІР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

«Ғарышкерлер күні» қарсаңында мектепке дейінгі жас буындарда республикалық сурет байқауы өтті. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Достық көмекпен мықты» тақырыбында 5-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Ата аналар мектебі» жобасы «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» тақырыбында 5-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Ата аналар мектебі» жобасы аясында «Ұлттық киім ұрпаққа мұра» тақырыбында 1-7 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Қоқысты қайта өңдеу процессі» тақырыбында 8-9 сыныптарда сынып сағаты өтті. «Ата аналар мектебі» жобасы аясында «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» тақырыбында 1-8 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Зиянды әдеттен аулақ бол» тақырыбында 1-4

сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Өрле Қазақстан» 1-4 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Табиғат тамшылары» тағырыбында 1-9 сыныптарда сыныптан тыс іс шара өтті. «Ата налар мектебі» жобасы аясында «Әкелер күні» 5-8 сыныптар «Әкелер» клубы ата аналар жиналысы өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Сөз қадірі өз қадірің» 1-9 сыныптарда сынып сағаты өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Кітапханаға саяхат» тақырыбында 1-9 сыныптап сынып сағаты өтті.

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі қарсаңында мектепке дейінгі жас буындарда мерекелік іс шара өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Ұстазға алғыс» 5-9 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында «Медиа там» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» 5-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» тақырыбында 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 1-9 сыныптар сынып сағаттары өтті. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Ұлттар достастығы» тақырыбында 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтті. 1-9 сыныптарда мектеп ауласында «Жасыл мектеп» аббаттандыру жұмыстары ұйымдастырылды. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 1-9 сыныптарда «Кітапханаға саяхат» «Ұлттар достастығы» тақырыптарында сынып сағаттары өтті. «Ата аналар мектебі» жобасы аясында «Отбасы FEST» тақырыбында 1-9 сыныптарда сыныптан тыс іс шара өтті. «Сыңғырла, соңғы қоңырау» тақырыбында 1-9 сыныптарда салтанатты іс шар өтті.

<https://www.instagram.com/p/C5kdYWjtcKU/?igsh=MWV2OTU1czh4b2xtbg==>

<https://www.instagram.com/reel/C5qX3WXtL1G/?igsh=MXZzd2Y1bml3YWU3bA==>

<https://www.instagram.com/p/C5yGgDkNq1H/?igsh=ZnVnejY1ZWVscDQ1>

<https://www.instagram.com/p/C6IvnhuNvB0/?igsh=YTN4NnZjNWw2eTAy>

<https://www.instagram.com/p/C6JRKs1N3Xz/?igsh=MWIydHR1NmF4aHR2Yw==>

<https://www.instagram.com/p/C6k9YhfNLuQ/?igsh=NHc2ZTVhcjg4MnBl>

https://www.instagram.com/p/C7CVqErtnc_/?igsh=MTZnYnk1a3k2ZWhkcQ==

<https://www.instagram.com/p/C7RTSlEtDNE/?igsh=MWE4dzdkeTlsMDJzbg==>


<https://www.instagram.com/p/C7UIsCLNRYN/?igsh=OHdlNW4ydnV6MG80>

<https://www.instagram.com/p/C7WJc5ztzbT/?igsh=MXdtc2UyN2I3dm1jYQ==>

<https://www.instagram.com/p/C7ZTI9EtTT9/?igsh=cjYwYjFwMXMwOGF5>

<https://www.instagram.com/p/C7eINOGNjVA/?igsh=b3Y1cmF3amgyZmli>

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



Д.С Кунтуова